

**6D073100-«Қоршаган ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі»  
мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін  
Байботаева Айгуль Диханбаеваның «Шымкент қаласының топырақты жерлерін  
техногенді ауыр металды (As, Pb, Cd) элементтерімен ластануын бионидикациялау  
және биоремедиациялау технологиясын жасақтау» тақырыбындағы докторлық  
диссертациясына  
ПККРІ**

<b>№ р/с</b>	<b>Критерии</b>	<b>Критерийлерге сәйкестігі (жауап иүсқаларының бірін атап ету кажет)</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу</b>
1	Диссертация тақырыбы (бекітілген күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Даму бағыттары бойынша ғылым немесе мемлекеттік сәйкестік басым бағдарламалар:</p> <p>1) Диссертация жоба аясында немесе максаты түрде орындалған Мемлекеттік бюджеттен каржыландырылаты н бағдарламалар (жобаңың немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін корсету) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шешеберінде орындалған (атауын корсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты корсету)</p>	<p>«Шымкент қаласының топырақты жерлерін техногенді ауыр металды (As, Pb, Cd) элементтерімен ластануын бионидикациялау және биоремедиациялау технологиясын жасақтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 30.10.2018 жылы бекітілген) әр түрлі антропогенді әсерлерден ауыр металдар топырактарға түсіп, өздігінен тазалану қабілеттіңін жоғалуына, топырақты ауыр металлардан биорекультивация әдісімен тазалау, коршаган ортаға әсерін зерттеу және оны төмендету мәселесіне арналған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс коршаган ортаны инженерлік корғау саласы бойынша Қазақстан Республикасының іргелі бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына сәйкес орындалған. 1) «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, шифры Б-16-04-03 №1 «Табиги шикізаттан және әр түрлі өнеркәсіп калдықтарынан өнеркәсіптік және экологиялық таза минералды тынайтыштар мен тұздарды өндіруде термохимияларды жасау және құру бойынша зерттеулер» тақырыптарымен байланысты орындалған. Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен білім беруді және ғылымды дамыту бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес косады және оның маңыздылығы жақсы анықталған	Автор Түркістан облысы өндірістік аймактарындағы ауыр металл иондарымен ластанған жер бетті топырак кабатын люмбрикофаунаның көмегімен рекультивациялау технологиясын жасақтаған. Жұмыс колданбалы ғылым дамуға айтарлықтай үлес косады және диссертациялық зерттеудің маңыздылығын

			<p>автор жақсы ашкан. Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазакстан университетінің «Тіршілік каяіпсіздігі және коршаган ортаны корғау» кафедрасында орындалды. Алынған нәтижелер «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында зерттеліп, алынған нәтижелердің дәлдігімен растығы дәлелденген. Сонымен катар өндірістік сынап жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері акт құжаттарымен расталған.</p> <p>Күнделікті колданатын жемістің кабықтары, жапырақ секілді калдық өнімдерді кедеге жарату бағдарламасына сәйкес, вермикультура санын көбейту максатында пайдаланылған. Вермикультураның ауыр металл йондарының шоғырына кабілеттілігін аныктап, оны пайдаланудағы зерттеулерін автор жоғары индексті рейтингтік Scopus базасына кіретін 2 макаласында, КР БФМ білім мен ғылым саласындағы бакылау комитетінің бұйрығымен бекітілген З басылымдарда және халықаралық конференцияларда жариялаган.</p>
3.	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1 <sup>ж</sup> оғары	<p>А.Д. Байботаевың диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нактылылығы зерттеу жүргізудің заманауи приборлары мен әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. Қойылған міндеттерді автор өз бетінше шешкен, онда ол максатқа жету үшін мәселелерді шешу кабілеттілігін көрсетті. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ғылыми зерттеу зертханалық нәтижелермен қамтамасыз етіліп, негізделген. Қорытынды шынайай түрде тұжырымдалған. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі күмән тудырмайды, себебі жұмыс барысында химиялық және физика-химиялық әдістер колдана отырып ғылыми зерттеу жұмыстары жасалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген	<p>Ұсынылған диссертацияда автор «Южполиметалл», Шымкент каласының өндірістік және көлік көп жүретін аймактарға талдау жүргізген. Бұғінгі таңда адамзат баласы топырак жамылғысына айтарлықтай антропогендік әсер етуде. Ауыр металдардың басым бөлігі коршаган ортага түрлі антропогендік әрекеттер нәтижесінде түседі.</p> <p>Топырак кабатына келіп түскен ауыр металдар, ондағы жүретін үрдістерге түрлі кері әсерлерін тигізеді. Олар топырактың органикалық заттарының минералдануын күштейті, топырактағы сіңіру кешенінің жағымсыз өзгерістеріне алып келеді. Ауыр металдармен ластанған топырактарда көптеген пайдалы микроағзалардың тіршілік жағдайы бұзылады және топырактың ферментациялық белсенділігі төмөндейді. Нәтижесінде, топырактың деградациялануына және оның өзіндік тазалану кабілеттінің жоғалуына алып келеді.</p> <p>Белсенді ауышаруашылық әрекеті аймактарында ауыр металдар атмосферадан және топырактан есімдіктерге етеді, содан кейін – ауышаруашылық жануарлары мен адам ағзасына етеді. Көптеген ауыр металдар, тіптен өте аз мөлшерінде иммуналдық, онкологиялық және басқа да ауруларың түрін көздөрүс мүмкін. Ауыр металдармен ластанған коршаган табиги ортаның жағымсыз салдары, бұғінгі</p>

			<p>танда биосфера үшін айқын қауіп төндіруде. Антропогендік әсерлермен орын алған коршаган орта күйінің өзгеруін бағалауда, биоиндикацияға аса маңызды көніл белінуде.</p> <p>Ауыр металл иондарын рекультивациялау және биоиндикациялау барысында колданылатын вермикультураарға ықпалын орнату мәселе мен топыракты биоремедиациялық тазалау құрылғысы жасалды. Октагон формалы құрылғы, дөңгелек орталықты санылаулы тепе-тендік көлемді жасалған серіз секциядан тұрады.</p> <p>Жұмыс тек зертханалық жағдайда орындалды ма? Ұсынылып отырған жұмыстың жылдың қай мезгіліндегі жүргізген тиімді?</p>
		4.2 диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді	<p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, алты бөлімнен және корытындыдан тұрады. Бірінші бөлімде топырактың ауыр металл иондарымен ластану мәселелерінің казіргі жағдайы, топыракта түс жолдары мен адам денсаулығына әсері және техногендік ластанған топырак қабатын вермерекультвациялау карастырылған. Екінші бөлімде ауыр металдармен және олардың косылыстарымен ластанған жерлер жарамсыз күйге өтіп, егіншілік және колданбалы жер корынан шет калуы, топырак қабатын тиімді тұтыну, оларды ластаушы көздердің негізгі факторларын анықтауда және тазалау технологияларында биорекультивациялау мен биоиндикациялау әдістері, топырактарға ауыр металдарды анықтау, биотестілеу және басқа да талдау әдістері мен пайдаланылған аспаптарға сипаттама берілді.</p> <p>Топырак сынамалары алынған нысандардың құрамы мен касиеттері талдау әдістері негізінде карастырылды. Шінші бөлімде Шымкент қаласының топырағының химиялық құрылымы мен үлгілеріне зерттеу інтижелері көрсетілді. Олардың ішінде микрокұрылымы мен элементтік құрамы анықталды. Люмбрицитердің саны мен олардың анатомиялық және морфологиялық белгілері сипатталды.</p> <p>Түркістан облысы тиіптік топырак түрлерінен анықталған лимбикофауна тұқымдастықты жауын құрттары қауымдастырының <i>Ap.c.trapesoides</i>, <i>Ap.c.caliginosa</i>, <i>Ap.rosea</i>, <i>-E.foetida</i> төрт түрі кездесетіні анықталды. Топырак құрамындағы ластаушы ауыр металл иондарының шоғырлық мөлшерлерін индикациялаушы агент ретінде жауын құрттарын колдану мүмкіндігі орнатылды.</p> <p>Топырак құрамындағы корғасының мүмкін шектік шоғырынан 60 есе, кадмийдің шоғыры 30 есе артып жогарылауы жауын құрттарының өмір сүруі үшін мүмкін емес мөлшерлер болып табылатыны анықталды. Автор тіршілік қауіпсіздігі саласындағы маңызды колданбалы міндеттерді шешуді камтамасыз ететін ғылыми негізделген технологиялық әзірлемелер жасалған.</p>
		4.3 мәселе мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді	<p>Ізденүші тұжырымдаған мәселе пен міндеттер диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мәселе Түркістан облысы өндірістік аймактарындағы ауыр металл иондарымен ластанған топырак қабатын люмбрикофаунаның көмегімен рекультивациялау технологиясын жасау және биоремедиациялау мен биоиндикациялау әдісінде колданылатын жауын</p>

			<p>күрттары түрлерінің ауыр металл иондарының ықпалына тәзімділігі мен реакциялық кабілеттерін анықтау болып табылады, койылған мақсатка жету үшін негізгі бес міндет шешілді. Олар толығымен диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.</p>
		4.4 диссертацияның барлық бөлімдері мен талабы логикалық өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері бір-бірімен толық байланысты, берілген ғылыми нәтижелер логикалық түрде өзара байланысты, ал колжазбаның өзі жақсы күрүлған және күрүлымдалған. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, алты тараудан, корытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және косымшадан тұрады.</p>
		4.5 автор ұсынған жана шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дөлелденген және бағаланған: 1) сыйни талдау бар	<p>Ізденуші ауыр металл иондарының шоғырына вермикультураның тәзімділігін ескере отырып, экспресс биотестлеу құрылғысын құрастыру әдісі бойынша Халықаралық ғылыми басылымдарда, баска халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған макалаларда көрсетілген авторлар бұрын ұсынған белгілі шешімдермен салыстыруға негізделген сыйни талдау жүргізді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма? 1) толығымен жана	<p>Ғылыми зерттеулер көртындысы төмендегідей нәтижелерге кол жеткізген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ізденуші алдына койған міндеттері бойынша Түркістан облысының негізгі топырак түрлеріндегі вермикультуralардың тараған қауымдастықтарының көптүрлілік құрамдарын, типтік морфологиялық, салмақтық өлшемдерін, тұстік ерекшеліктерін және ауыр металл иондарымен ластанған топырак кабатын люмбрикофаунаның тазарту дәрежесі аныкталған.</li> <li>- Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері 28 жарияланымда, оның ішінде Scopus индекстегін халықаралық басылымдарда 2 макаламен, 1 пайдалы модельмен расталады.</li> </ul>
		5.2 диссертацияның тұжырымдары жана ма? 1) толығымен жана	<p>Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен корытындылар жана болып табылады.</p> <p><i>Бірінші нәтижесе</i> бойынша химиялық талдау нәтижелері бойынша, ынталандыруши заттектердің көмегімен топырактарды корғасыннан биологиялық тазалау жолымен Шымкент каласы ауыр металл иондарымен ластанған аймактарындағы корғасын ионы құрамының <math>67,9 \pm 3,6</math>, <math>78,4 \pm 4,9</math> және <math>86,3 \pm 5,7</math> % азайтуға болатындығы орнатылды.</p> <p><i>Екінші алынған нәтижесе</i> Шымкент каласы аймактарында вермикультураның тараулу заңдылықтарын ескере отырып, вермикультура қауымдастығының <i>Lumbricidae</i> (люмбрицид) тұқымдастына жататын торт туыстың - <i>Ap. c. Trapezoides</i> (трапезойд), <i>Ap. c. Caliginosa</i> (калигинос), <i>Ap. Rosea</i> (розеус), <i>Eisenia fetida</i> (фоетида) түрлері құрайтыны аныкталды.</p> <p><i>Үшінші нәтижесе</i> бойынша таксономиялық зерттеулер әдісі негізінде вермикультураның ауыр металл иондарының шоғырларына тиесілі аддитивтік реакциялары негізінде, ауыр металл иондарымен ластанған экожүйелердегі топырактарды экспресс биоиндикациялау әдісі жасалды. <i>Төртінші нәтижесе</i> бойынша энергодисперсті микроталдау әдісін колдана отырып, Шымкент каласы топырағының ауыр металл иондарымен ластану көрсеткіші аныкталды. Бадам өзенінен алынған сывамаларға жүргізілген химиялық</p>

			<p>талаулар бойынша қорғасынның ШМШ-дан 4,8 есе асатындығы, мыстың ШМШ-дан 20 есеге дейін асатындығы, мырыштың ШМШ-дан 60,2 есе асатындығы, мышьяктың ШМШ-дан 22 есе асатындығы анықталды.</p> <p><i>Бесінші нәтижесі</i> вермикультураның ауыр металл иондарының түрлі шогырына төзімділігін есепке ала отырып, ластанған топырак кабатын биоремедиациялау технологиясы туздылды</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген: 1) толығымен жаңа	<p>Максатка жету үшін колданылатын технологиялық шешімдер жаңа, өйткені ауыр металдармен ластанған топыракты тазартумен бірге, экспресс биотестілеу құрылғысы құрылды.</p> <p>Топыракты ауыр металдардан тазартуда микроагзаларды енгізу, екінші тазалау сатысында өсімдіктерді, ушінші сатысында вермикультураалар колданылған. Технологиялық схемамен бірге калдықты қедеге жарату максатында колайлар шешімдер кабылданған. Бұл нәтижелер де отандық және шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда расталған. Осыған байланысты, ауыр металдармен ластанған топыракты биоремедиациялау үрдісін зерттеу, жедел индикациялаудың құрылғысын жасау және оларды іс жүзінде ұсыныстары расталып отыр, басқа әдістермен салыстырғанда экспресс биотестілеу құрылғысымен жүргізілген жұмысыныздың ерекшелігі кандай?</p>
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген немесе жеткілікті негізделген	<p>Диссертациялық жұмыс ауыр металл иондарымен ластанған топырак жамылғысын биоремедиациялау және биоиндикациялау технологиясын әзірлеуге, биологиялық обьектілер арқылы коршаған ортада ластану жағдайын бағалауга және экологиялық жүйені қалыптастыру теориясына бағытталған. Техногенді калдықтарды пайдалану біріншіден, жинақталған радиобелсенді калдықтарды азайтуға және өнірдегі экологиялық ахуалды реттеуге мүмкіндік берсе, екіншіден, калдықтарды шикізат ретінде пайдалану, оның экономикалық тиімділігімен анықталады. Диссертациялық жұмыста тұрмыстық калдықтарды пайдалана отырып, «Нұр-Абыл» ЖШС-де сынақтар өткізілген. Тұрмыстық калдықтарды вермикультураның еміршендігін арттыру максатында пайдалану ұсынылған. Орындалған жұмыстың сөзсіз практикалық маңызы бар. Бұл мұнай калдықтарын коршаған ортага төгуді азайту арқылы қедеге жарату мүмкіндігін камтиды.</p>
7.	Корғауға шығарылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауп беру кажет:</p> <p>7.1 жағдай дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген</p> <p>7.2 болып табылады ма тривидалды?</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 жаңа ма?</p> <p>1) Иә</p> <p>7.4 колдану деңгейі:</p> <p>3) кен ауқымда</p> <p>7.5 макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә</p>	<p>7.1 корғауға ізденуші негізгі 2 ережені көрсетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- энергодисперсті микроталдау әдісін колдана отырып, Шымкент каласы топырагының ауыр металл иондарымен ластану көрсеткіші, Бадам өзенінен алынған сынаамаларға жүргізілген химиялық талаулар бойынша қорғасынның ШМШ-дан 4,8 есе асатындығы, мыстың ШМШ-дан 20 есеге дейін асатындығы, мырыштың ШМШ-дан 60,2 есе асатындығы, мышьяктың ШМШ-дан 22 есе асатындығы анықталды.</li> <li>- Шымкент каласы ауыр металл иондарымен ластанған аймактарындағы қорғасын ионы құрамының <math>67,9 \pm 3,6</math>, <math>78,4 \pm 4,9</math> және <math>86,3 \pm 5,7</math> % азайтуға болатындығы орнатылды. Зерттеулер эксперименталды нәтижелермен дәлелденді, отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған. Ереже ізденушінің жарияланымдарымен расталады,</li> </ul>

				шетелдік ғылыми журналдарда квартирлық – Q3 болатын Scopus базасындағы және KP BFM БФСБК ұсынған ғылыми журналдарда сондай-ак халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.
8.	Сенімділік принципі. Дереккөздердің сенімділігі және ұсынылатын ақпарат	8.1 Әдіснаманы таңдау-негізделген немесе әдістеме толық сипатталған 1) Иә		Диссертациялық зерттеуді ізденуші заманауи технологиялық және аналитикалық әдістерді колдана отырып жүргізген. Автор таңдаған әдістер сапалы және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыстың әдістемесі кеңінен танымал және дәлелденген ғылыми тәсілдерге негізделген, сонымен бірге белгілі отандық және шетелдік аналогтармен салыстырғандағы жағалықтың жоғары деңгеймен сипатталады.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды колдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін колдану арқылы алынды: 1) Иә		Осы диссертациялық жұмысты орындау кезінде келесі заманауи, сыйналған эксперименттік және теориялық әдістер колданылды: - ондірістік аймақтардан алынған топырак үлгілеріне химиялық және физика-химиялық талдау жасалған; - топырак құрамы ДТА, РФА, ИК спектриямен анықталған; - JOEL Жапон фирмасының JSM-6490 LV, JED-2300 Analyses Station электронды растрлы микроскоптары және INCA Energy 350 энергодисперсті микроталдау жасалған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды 1) Иә		Теориялық тұжырымдар мен анықталған заңдылықтар келесі эксперименттік зерттеулермен негізгілермен дәлелденді және расталды: - ауыр металмен ластанған топырак үлгілерінің құрамын талдау; - топыртқын ауыр металмен ластануының техногенді салдарын анықтау үшін Шымкент каласының ондірістік және көлік көп жүретін жерлердегі құрамын, JOEL Жапон фирмасының JSM-6490 LV, JED-2300 Analyses Station электронды растрлы микроскоптарымен анықтау; - ауыр металл иондарының шоғырына вермикультураның төзімділігін тәжірибелік жолмен орнату.
		8.4 Манызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталады		Автор зерттеу процесінде пайдаланған материалдарға диссертацияда сілтемелері бар. Алынған нәтижелер ғылымиметрикалық жүйелерде индекстестелтін халықаралық ғылыми базаларда жарияланған белгілі мәліметтермен салыстырмалы талданады. Сілтемеде отандық және шетелдік, жоғары индексті рейтингті Web of Science және Scopus базаларындағы әдебиеттер де бар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті		Диссертацияның бірінші тарауында зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми сапалы әдеби шолу ұсынды. Диссертацияда 118 дереккөз пайдаланылды. Олар негізінен Ресей ғалымдары еңбектерімен KP BFM БФСБК ұсынған отандық рейтингтік журналдарда және Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін шетелдік ғылыми журналдарда және халықаралық конференцияда жарияланған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) Иә		Диссертацияның теориялық мәні бар, нәтижелер көп болғандықтан процестерді терең түсіну жолымен ғылыми нәтижени салыстырмалы калыптастыру.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы және практикада алынған жоғары нәтижелер ықтималдығы</p> <p>1) Иә</p>	<p>Диссертацияның практикалық құндылығы Қазакстан Республикасының пайдалы модельге берілген №5451 патентімен коргалған ауыр металдармен ластанған топыракты биоремедиациялық тазалау құрылғысы жасалған.</p> <p>Өндірісітік калалардың аймактарында топырак қабатының экологиялық түргіді жай-қүйін бақылау бойынша ұсыныстар мен олардың саласын жаксарту бойынша шаралар кешені жасалды. Сайкесінше, түрлі ауыр металл иондарымен және олардың косыльстарымен ластанған топырак түрлерін бақылауда және тазалауда бейім, теозімді вермикультура тобын анықтаудың ғылыми негізделген елдістемесі өндөлді.</p> <p>Ғылыми зерттеу жұмысы нәтижелері 28 баспа жұмыстарында баяндап, оның ішінде 2 макала жоғары индексті рейтингтік Scopus базасына кіретін журналдарда, 3 макала КР БФМ білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен бекітілген басылымдарда, ал 15 макала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, оның ішінде 8 макала алыс шетел конференцияларында жарияланған.</p>
		<p>9.3 Тәжірибе үшін ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) Иә</p>	<p>Алынған ғылыми тәжірибелік нәтижелер жаңа. Осылайша, диссертациялық зерттеудің нәтижелері айтартықтай практикалық жаңалықты одан әрі пайдаланудын керемет әлеуетін көрсетеді. Жүргізілген эксперименттік зерттеулер нәтижесі ауыр металмен ластанған топыракты тазалауда практикада колданыс тапкан. Ғылыми нәтижелері жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>
10.	Жазу және рәсімделу сапасы	<p>Академиялық жазудың сапасы:</p> <p>1) жоғары</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылуымен рәсімделуі талапта сәйкес, жоғары сапасымен сипатталады. Жұмыста пайдаланылған қазақша баламалар мен терминдер түзетулерді талап етеді, диссертацияның ғылыми сапасына әсер етпейді. А.Д.Байботаеваның «Шымкент қаласының топыракты жерлерін техногенді ауыр металды (As, Pb, Cd) элементтерімен ластануын бионидикациялау және биоремедиациялау технологиясын жасақтау» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы PhD диссертацияларға койылатын «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді.</p>

**Ресми рецензент:**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Экология және геология» кафедрасының кауымдастырылған профессоры, PhD



Сырлыбекқызы С.